



Марат Қабанбай

БАҚБАҚ БАСЫ
ТОЛҒАН КҮН



КАБАНБАЕВ МАРАТ

БАҚБАҚ БАСЫ ТОЛҒАН КҮН

Самые яркие и ярко выраженные черты в национальном костюме Киргизии — это ярко-красный цвет и золотистые нити. Красный цвет символизирует солнце, огонь, силу, мужество, жизненную силу. Золотистые нити — это символ богатства, процветания, изобилия. Красный цвет также символизирует кровь, которая является символом жизни и силы. Красный цвет также символизирует счастье, радость, любовь. Красный цвет также символизирует чистоту, честность, порядочность. Красный цвет также символизирует верность, преданность, преданность родине, преданность семье. Красный цвет также символизирует чистоту, честность, порядочность. Красный цвет также символизирует верность, преданность, преданность родине, преданность семье.

“I can see you’re a good boy.”

19. *Phytolacca* (L.) *acanthocarpa* (L.) *Lam.* *Phytolacca* *acanthocarpa* (L.) *Lam.*

Figure 1. A photograph of a small, dark, irregularly shaped object, possibly a seed or a piece of debris, resting on a light-colored surface.

2014 | 07123007821

2013-14 学年 第一学期 期中考试卷

1000-10000 m.s.m. - 10000-10000 m.s.m.

A detailed illustration of a knight's armor, showing a helmet with a plumed crest, shoulder guards, and a gauntlet.

“Балалар әлебиеті” баспасы. 2006

Digitized by srujanika@gmail.com



2013-2014

054041/2 “Балалар әдебиеті” баспасы. 2006

ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛЫҚ ЖУЙЕ

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТИНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
ШЫҒАРЫЛДЫ*

Қ 13 Қабанбаев Марат

Бақбақ басы толған күн: Повестер, әңгімелер. –Алматы:
“Балалар әдебиеті” баспасы. – 2006. –160 бет.

Жинаққа енген жазушының детективтік шығармалары өзінің шытырман оқиғаларымен оқырманың еліктіріп өкетеді. Әрі автор шырғалаң оқиғаларды біржакты жалақ, қызықтап кеппей, өзіндік мән-мағыналы ой қозгайды. Туындыларды оқып отырып, ел үрке қарайтын қылмыс атаулының кездейсоқ жасалмайтындығына көзің жетеді. Шығармаларда әлеуметтік жүк тағылымдық нәр бар. Жалпы, қаламгер өзінің барлық туындыларында жас өрендердің психолог насына жанжақты назар аударып, олардың азамат ретінде көзқарастарының орнығына ерекше көңіл бөледі.

ISBN 9965-650-52-7

Ф 4803250204
00 (05)-06

ББК 82.3 Қаз

ISBN 9965-650-52-7

© Қабанбаев М., 2006
© “Балалар әдебиеті” баспасы, 2006

ПОВЕСТЕР

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚЫЗ БАЛА

Кейіпкерлер – Н. қаласындағы көп қабатты үйдің тұрғындары. Автобуста кездескен жігіт – қырықтарды құсырып қалған, аз сөйлеп, көп тыңдайды.

Айгүл – он бес жаста, орташадан жоғары оқиды, яғни үлгерім жағынан мақтау да, даттау да қын. Кластастары: “Есет атты тоғызынышы класс оқушысынан махабbat жайлыш хат алған”, – деседі. Осы нобайда аздал үшқалақтау ма деген күдігіміз бар. Пәтері онынышы қабатта. Таңертең тосектен тұра сала балконға жүгіріп шығады да, күнге қолын созады.

Ергежайлі шал – алпыстан асқан көлгір жан. Тоғызынышы қабатта тұрады, қарақан басты, жалғызілікті кісі. Таңертең балконда көтеріліп қалған күнге қасқасын қыздырады. Бұрын циркте істеген. Қазір кептерді қолға үйретіп, сатып, ақша табатын әдеті бар. Аулада жеке меншік “Жигули” автомашинасы байлаулы тұрады.

Кептер – қолға үйретілген құстар. Қыз да, қария да – өрқайсысы кептер менікі деп өзеурейді. Қара қылды қақ жарып, әділдікке жүгінсек: “Кептерге ие мынау!” – деп, үзілді-кесілді айту шындыққа қиянат, себебі, құстар кейінгі кезде Айгүлдің балконына да қонатын. Кейде қыз: “Кептер – мениң аппак қардай денемнен жаралған”, – дейтіні бар.

“Бітті!” – деді Самат. “Кетті!” дегісі келіп еді...
Қайсысы болса да, дәл айтылды...

Қос донғалақ ізін ақ жазық белбеу қып, тартынып апты. Қар үдей түскен бе, манағы жеп-жөңіл ұлпершек қазір бірқалыпты қозғалыспен сәл дымқыл тартып, сап-салмақты боп жалпылдай жауып тұр. Жалпақ дала қара құрық тартып, ымырт ұрланып келіп қалыпты. Төніректі ақ мұнар саңылау қалдырмай қымтаған, қарайған атаулыдан қалған жалғыз белгі – екі қолын пальтосының қалтасына салып келе жатқан Бөкен ғана. Аспандагы қарға да қарамайды, басын төмен салып, түқшиып алған. Қар аулап, құшағын жайып жүгірген Бөкенді Әсия өзімен бірге “Газикке” салып ап, алысқа алып кеткен тәрізді. Мына Бөкен совхоз орталығындағы мектептен үш километр жердегі фермадағы өз үйіне қайтып келе жатқан тоғызыншы кластың қатардағы ғана окушысы.

Көдімгі сүп-сүық қар қапалақтап жауып тұр...

Кенет... Бөкен тоқтай қалып, қар үстіндегі баданадай болып жатқан бұдыр-бұдыр машина ізіне үңілді. Міне, мына жерде машина тоқтапты, қартерінен тамшылап акқан май сап-сары боп жатыр. Міне, екі із... Бірі – бәтеңкенің аюдың табанындағы үлкен ізі де, екіншісі – қасықтай кішкене табанымен қар бетін оқтаумен шүкіғандай қыз етігінің кішкене тақасы... Үлкен іздер бірінің үстіне бірі түсіп, қарды таптап тастапты. Екі-үш қадам жерде дымқыл тартып, сарғайып үлгерген темекі тұқылы жатыр. Соған қарағанда, Әнестің жүйкесі біраз жүқарып қалса керек.

Бөкен жүгіре жөнелді. Қар бетіндегі машина донғалағының бұдырымен қатар салған етік ізінен көз аудармайды. Доңғалақ ізі еміс-еміс қана білінеді, көбік қар бүркеп үлгеріпті, ал тақа ізі жап-жаңа, сайрап жатыр.

Әсия “Газиктен” түсіп қалыпты...

Жол үстінен нәзік тұлға қарайып көрінісімен Бөкен аяңға көшті. Әсия біртіндең ақ шымылдықтан бері шыға берді.

Қыз тоқтай қалды да, портфелін арлы-берлі бүлғаңдатқан күйі мұны тосып алды. Бір-бірінің бетіне қараған да жоқ, қатар түсіп, ауылға беттеді.

— Кабина ішінің ауасы тар екен... Бензин сасиды. Сосын түсіп қалдым.— Қыз үні ұян.

Бозбала тіс жармады. Бірақ басын изеді.

Қар қапалақтап жауып тұр...

— Қандай тамаша! Қар ұстайықшы, Бекен!

Қолын алға созған қыз жүгіре жөнелді. Портфелін қарға шаншып кетіпті.

Бекен сәл аңырып тұрды да, қыз портфелін қолына алды еңкейіп. Әрі-беріден соң екі қолында екі портфель, далбандалап аузымен қар аулаған күйі жүгіріп бара жатты.

Қар қапалақтап жауып тұр...

ЖИҢАНКЕЗ ТИТИ

I

Тұн. Көшеде ғана тұн. Ал пәтер іші күндізгідей жарық. Төбеден салбыраған люстралық жарығы, әрине, күн жарығына сәл-пәл жетпейді. Бес жасар Таймасқа жарықтың қайта әлсіз болғаны жақсы. Жарық әлсіз болса жақсы ойланасың. Бөлме ішіндегі заттар көзге анық шалына бермейді, ой бөлінбейді. Сонымен Таймас — Тити ойланып отыр.

Шындығында Таймастың Таймас екендігін балалар бақшасындағы, подъездегі тетелестерінің көбі біле бермейді, бәрі жаппай Тити деп атайды. Оған кінәлі Таймастың өзі. Екі жасқа жете бере тілі шығып, былдырлай бастаған. Дәл осындағы қысқы кеште папасы мен мамасы: “Таймас, сен дәу жігітке айналып, есейіп қалдың. Әр заттың, әр баланың өз есімі болады — осыны біліп қой. Мәселен, әне, анау төрдегі, саған күнде кешке

мультфильм көрсетіп беретін сиракты қобидың аты – телевизор. Кәне, телевизор деші?” – деген. Таймас папасы мен мамасына бір, экранды қобидің екі қараган. Сосын сұқ саусағын жып еткізіп аузына апара беріп, қайтадан арқасына жасыра қойды да (ауызға саусакты тек жаман балалар салады): “Девиз!” – деді. Папа, мамасы бір-біріне бақырайып қарады. Таймас содан-ақ бірденені бүлдіргенін сезе қойды. Және, бүлдіргенде де, әлгі экранды қобидың төнірегінде қателік жасағанын анық білді де, сасқанынан “девизді” түзеттім деген оймен: “Севиз!” – деп салды.

Әке-шешесі едәуір күйгелектенді. Мамасы бетін шымшыды. Тіпті үйқтайтын бөлмедегі треляж айнаға барып, шашын тарап-тарап жіберді. Сосын қайтып келді де, папсының құлағына бірдене сыйырлаған. Папасы басын изеді. Мамасы Титидің алдына тізерлеп отыра қалып:

– Ұлым, енді Таймас деп көрші! – деді.

Таймас ернін икемге келтіремін деп біраз бүрістірді. Ақыры әжептәуір қиналып барып:

– Ти-ти... – деді.

Папасы да, мамасы да қосақабат күліп жіберген. Екеуі бірденені біліп құліп тұрған шығар деген оймен Таймас та жымиды; әке-шешенің қылышын қайталасаң, көп қателеспейсің. Енді папасы Таймастың ойынын келтіретін ең сүйкімді көз қарасымен ұлына қарап:

– Кәне, менің атым Таймас деп тағы бір қайталашы! – деді.

Таймас бұл жолы ернін бүрістіріп, қайыстырып қиналмады. Бір нәрсені анық біледі – “Тити” деген сөз папасы мен мамасына ұнап қалды. Ұнағанда қандай! Ұнамаса, екеуі қосылып күле ме? “Қайтала” деп айта ма? Соңдықтан бұл жолы мұдірмеді, жауапты сақ еткізді.

– Ти-ти...

Папасы басын сипады.

– Мейлі, Тити болсан, Тити бол. Есейгесін өзің-ақ Таймас атынды тауып аларсың.

Сол күннен бастап Таймас ұмытылды. Жаңа есім көрші пәтердегі, подъездегі, балалар бақшасындағы құрбық-құрдастарына, тәрбиеші апайларына да тым-тым сүйкімді естілді ме, әрі бірден қағып алыш, тез жаттай қойды. “Тити!”. Қып-қыскә әрі айттар ауызға біртурлі қүйқылжып-қүйқылжып кетеді. Өзі тауып алған ат болғасын ба, Тити Таймастың өзіне де бек ұнап қалып еді.

...Сонымен, Тити люстратан себелеген әлсіздеу жарық астында ойланып отыр. Үйдегілердің әрқайсысы өз ісімен әуре. Алтыншы класта оқитын ағасы Алмас көрші бөлмеде алгебрамен жаңын қинап отыр. Қиналып отыргандағы сондай: “Икс тең болады түбір астында а және игрэк” деген даусы да шығып кетеді. Тити ойын сәл бөліп, есік киығынан көрші бөлмеге көз жіберіп еді, ағасының маңдайы тыржиып, алайыңқырап кеткен көзін төбеге қадапты. Алмастан Титидің көңілі қалып қойды. Ағасынан ақыл сұрамақ еді. Бүйтіп быржыып-тыржиып отырган адамнан қандай жөндем ақыл шығады дейсін.

Папасының да қолы бос емес, креслоға жайғасып ап, үстіңгі ерні жыбырлап, астыңғы ерні қыбырлап, туырлықтай газетті аударып-төңкеріп оқып отыр. Папалары, неге екені белгісіз, газетті ерні жыбырлап оқиды. Оның үстіне, әлсін-әлі қосулы түрган телевизорға қарап қояды. Мұндайда папасы мазасын алған адамды кіржіндең ұнатпай қалады. Ұрыспайды, жекімейді. Тек көзілдірік әйнегінің астынан ойын бөлген адамға соншалықты қинала қарайды. Тити үшін бұлай жекігеннен де ауыр тиеді. Өйткені папасы Тити сондай-сондай жақсы көреді. Ал жақсы көретін жаңдарды шама келгенше ренжітпеген жөн, орынсыз мазаламаған дұрыс.

Тити іштей күрсініп салды да, алдында бауырсақтай шашылып жатқан ойыншықтарды жиып тастанап, орнынан түрді, ас үйге беттеді. Мамасы кешкі астан қалған ыдыс-аяқтарды жуып, столды сүртіп, мұрнына су жетпей жүр екен. Көзіне түскен шашын алақаңымен бір сыптырып тастанап:

— А? Ойнап біттің бе?— деді де, қайтадан шанышқы, қасықтарымен алысып кетті.

Тити шешесінің етегінен тартты:

— Мам, ө, мам! Мен қалай жиһанкез боламын?

Шешесі баласының сұрағына оншалықты мән бермеді білем, басын көтермesten күнк етті:

— Жиһанкез? Болсаң, бола ғой!

Бала енді быртиған кішкене қолын шешесінің білегіне салды:

— Қалай жиһанкез боламын, мама?

Жуып жатқан шыныаяғын қолынан түсіріп алған мамасы Титиге жалт қарап еді. Қарамай-ақ қойғаны жақсы еді. Тым ашулы екен:

— Жиһанкез, жиһанкез? Онысы несі тағы? Ерігіп тұрған ешкім жоқ... Ыңдыс-аяқ жуып жатқанымды көріп тұр емеспісің? Бар да, жатып үйқта. Төсегің салулы. Ертең қыңқылдаپ оянбай қоясын да, балалар бақшасынан кешігіп қаламыз. Ағайларың үрсады.

Үртү қомпиып, ерні бұртия қалған Тити үйқтайдын бөлмеге беттеді. Мамасына деген өкпесі қара қазандай. Жиһанкез болудың жолдарын айта салса қайтеді бәлсінбей? “Таңертең оянбайсын, балалар бақшасынан кешігіп қаламыз”, – дейді. Мәселенің өзі балалар бақшасынан шығып кеткенін мамасы қайдан білсін.

Бұгін тәрбиеші апай Титилерге, яғни ересектер тобына жиһанкездер жайлы әңгіме айтып берген. Сөйтсе, жиһанкездер теңізге кеме салып жүзіп, түйе, ат, қодасқа мініп, тау-тасты аралайды екен. Кейде ыстық өлкелерде джунгли деп аталатын қалың жыныс ормандарды да кезіп журе береді. Тәрбиеші апай әлгі Колумб, Пржевальский, Шоқан Ұәлиханов деген саяхатшы ағайлардың суреттерін көрсөтті. Колумб, Пржевальский төменгі қабатта тұратын Михаил, Саша ағайларға ұқсайды екен де, ал Шоқан Ұәлиханов өзінің папасына аз-мұз келе ме деп қалды.

Ішінде Тити бар, әсіресе үлдар жағы бұл әңгімені ауыздарының суы құрып тындаады. Сыртқа шығысымен әркім әрқалай шуласты-ай кеп. Ақыры сөз аяғын “Бәріміз де жиһанкез боламыз” дегенге тіреді. Сол сәтте жиһанкез болу оп-оңай секілді еді.

Үйге келгесін ойланып көріп еді, оның өзі қын мәселе екен. Бәсе, қалай, қандай жолмен жиһанкез болады? Теңіздер мен мұхиттарда жүзетін кемені қалай жасайсың? Тити тіпті бұл төңіректе суға жүзетін кішкене бассейннен басқа теңіз, мұхит бар дегенді естімеген. Ат, қодас, түйе, ну ормандар қайда?

Осыны ойлағанда Титидің басы ауырды. Ақыры өстіп жатып қалғып кеткенін байқамай қалды.

II

Жауырының құдірейтіп алған Алмас қарды қарш-құрш басып, Титидің қолынан жетектеп келе жатыр. Пальтосының жағасын көтеріп алған. Өзі ой үстінде. Алмас ылғи ойланып жүреді. Әсіресе алтыншы класты бастағалы тым көп ойланатын боп кетті. Өйткені биылғы оқу жылынан бастап Пионерлер сарайындағы математика үйірмесіне қатысады. Ал математик деген ойлантпай қоймайтын қызық сабақ болу керек. Өзі тағы ауладағы футбол командасының қақпашисы. Осы қалың ойдың кесірінен қақпаға доп жіберіп қойып та жүр. Сонда да ойлануын қоймайды.

Тити де ойланып келе жатыр. Кешегі жиһанкездік жайлы өңгіме есінен екі елі шығар емес. Дұрысында бүтін таңертең ұмытып үлгеріп еді. Балалар бақшасындағы достары да кеше қалай жиһанкез боламыз деп таласыптармасқандары жайлы тіс жармады. Біреуі өткеншек теуіп, екіншісі темірден соғылған, сырты боялған ракетаға кіріп кетіп, қым-куыт. Алдыңғы күні Алмас сатып әперген жүлдyzша значокты әркімге жылтындағып көрсетіп, бөсуден Титидің де күн бойы қолы тимеді.

Енді, міне, өзін балалар бақшасынан алуға келген Алмасты көргесін ғана жиһанкездік ойына сарт етіп түсे кетті. Себебі, Тити қалай жиһанкез боламын деп мәңгіріп отырғанда, Алмас көрші бөлмеде “икс тең болады түбір астында а және игрэк” деп қойып, есеп шығарып жатқан.

Ұрыста тұрыс бар ма, томаландаған Тити Алмастың қолынан тартып қалды.

— Алмас!

Жерге қарап түкшиып, әлденендей ойға кеткен Алмас:

— Игрэк... — деп салмасы бар ма. Кешегі алгебра бүгін де басын қатырып келеді.

— Алмас деймін... — деді қынқылын қоймай.

Сонда ғана көзілдірігі дымқылданған Алмас Титиге жалт қарады.

— А, о, не?

— Қалай жиһанкез боламын?

Алмас тұра қалып ойланды. Төңірегіне — көшеге, көшедегі өтіп жатқан адамдарға, сан қылыш маркаларға көзілдірігін түзеп-түзеп қойып тесіліп қарады.

— Іhm, қалай түсіндірсем екен саған? Жиһанкез... Ә, былай... Сенің жасындағы балаларға жиһанкез болу үшін алыс-алыс жерге саяхат шегудің қажеті жоқ. Бәрібір шаршап қалып, жетпей желкелерің үзіледі. — Бұл Алмас алда-жалда алгебра жайлышты ойға батып кетпесе, әжептәуір мысқылышыл еді. — Қалай жиһанкез боламын дейсің бе? Кешке қарай, күн батпай жылды киініп алып, мына көшенні бір айналып шықсаң болды... — деді. Сонымен сөз тәмәм. Алгебра есіне түсіп кетті ме, жауырыны аспанға шығып, басы салбырап жүре берді.

Тити де біраз ойланып қалды.

Екеуі іркесіп-тіркесіп пәтерге кірсе, әке-шешелері әлі жұмыстан қайта қоймапты. Папалары кеше: “Кәсіподак жиналышы бар, кештеу келермін”, — деп отырған. Ал мамасы үйге ылғи да қас қарай артынып-тартынып бірақ оралады — жұмыстан шыға жолай дүкендерге жағалай кіріп, азық-тұлік сатып алады.

Таймас — Титиді шешіндірді де, қонақ бөлмеге ойыншықтарды салдыр-гүлдір төге салды.

— Ал құмарың қанғанша ойнай бер. Тек салдырлатпа.

Мен сабақ қараймын, – деп, бүйір бөлмеге кіріп кетті. Содан тырс еткен дыбыс жоқ. Тек анда-санда ашылған кітап бетінің сыйбыры мен қалам сықыры ғана естіледі. Тити ойыншықтардың біріне де тиіскен жоқ. Не сөйлемейтін, не жүрмейтін жансыз мылқау ойыншықтардан баяғыда-ақ жалыққан еді. Құлағында Алмас ағасының көшеде келе жатып айтқан мына сөздері шуылдаپ тұр: “Қалай жиһанкез боламын дейсің бе? Кешке қарай, күн батпай жылы киініп алып, мына көшени бір айналып шықсаң болды...”. Дұрыс қой. Ағасы айтса, қателеспейді. Ылғи ойланып жүреді. Математика үйірмесіне қатысады. Жақсы оқиды. Сап-сары мыстан жасалған көзілдірігі бар. Қысқасы, өте жақсы аға... Ендеше, ағасының айтқанын орындау керек. Құлағын бүйірдегі бөлмеге салып, тың тыңдал отырды да, сүт пісірімнен кейін орнынан тұрды. Етігін, құлақшынын киді. Пальтосының жеңіне қолын сұқты. Түймелерін ілгектеді. Есікті сыйбыrsыз ашты да, үн-тұнсіз сыртқа шығып кетті. Бір басып, екі басып, сатыларды санап төмен түсे бастады.

III

Ұзын бел сүр үйлер қоршаған ат шаптырым аулада сөмке, портфель көтерген бір-екі аға, апайдан басқа ешкім көзге түсे қоймады. Тити қатарлы балалардан ешкім жоқ. Бәрі үйді-үйіне тарап кеткен. Қыс еді. Аула қызыл асықтан келетін қар, ауда бет үшін шымшылайтын аяз бар. Қас қарайып қалған. Мұндай кездे папа-мамаларын тыңдайтын тәртіпті балалар үйлерінде поезд ойнап отырады. Әйтпесе, түрлі түсті қарындашпен сурет салып, қызыққа батады.

Титиді бұл жағдай еш абыржытқан жоқ. Ауладағы балалармен ойнай қояйын деген ойы да жоқ еді. Ол саяхат жасауға, Алмас көрсеткен көрші көшени бір айналып, таң-тамаша жаңалықтарды ашу үшін белін буып шыққан. Басқа балалар құсап үйде отыруға түк құлқы

жок; ешкім бұған бала екен деп көніл бөлмейді. Алмас есеп шығарады, папасы телевизор көреді, газет оқиды, мамасы ас пісіріп, ыдыс-аяқ жуады. Мейлі, өздері білсін. Титидің де, ендеше, айналысатын ісі бар – көрші кварталды бір айналып келеді, сөйтіп, жиһанкездік құрады. Апайы мақтаған Колумб, Уәлиханов сияқты ағаларында болады.

Тити ауладан шығып, көрші кварталды маңдайға алды. Көшеде кешкі қарбаласпен арлы-берлі ызғып жүрген адамдар жылы киінген бес жасар балаға назар аударған жок. Тити машиналар ағылып жатқан көше жиегіне жақындаій беріп, семафорға қарап еді, жасылы жанып тұр екен.

Ehe, бұл ештеңеден қорықпай-ақ өте бер деген сөз. Томпаландағанда көшени кесіп өте беріп еді, бір әлуетті қолдар қолтығынан көтере іліп әкетті. Сол көтергеннен жолдың арғы шетіне дік еткізді. Зәресі үшқан Тити сасқанынан көзіне түскен құлақшынды әлсін-әлі жоғары көтере берді. Жиһанкездер көретін кындықтар дәу де болса басталып кетсе керек.

— Мамаң мен папаң қайда, балақан?

Тұлқи жағалы апай сәл еңкейе түсіп, баланың бетіне үңіліп тұр. Тити неге екенін өзі де білмestен басын изей салды.

— Мына екі кештің арасында сені көшеге қалай жалғыз жіберген? Адасып кетсөң қайтесің? Қай үйде тұрасың, балақан?

Тити өзі беттеп бара жатқан кварталдағы бір діңкіген сары үйді нұсқай салды. Және ең жақын тұрган үйдің өзі сол еді.

— Пәтеріңнің нөмірі қандай, білемісің?

Тити нөмірді білетін. Алмас: “Көшеде үйден үзап шығып, адасып кетуің мүмкін. Сондайда біреу сұрай қалса айтасың”, — деп екі-үш ай бұрын аты-жөнін, үйдің телефонын, пәтер нөмірін әбден жаттатқан. Сол себепті бір-ақ деммен:

— Тити... Таймас Құндақбаев, телефон 42-62-93,

Жамбыл көшесі, 165-үй, 31-пәтер,— деп салды.

Тұлкі жағалы апай жымиды:

— Жарайсың, жарайсың! Пәтерің телефон шалайын ба?

Тити басын шайқады.

— Әлде өзің тауып бара аласың ба?

Тити басын изеді.

— Бара ғой, ендеше. Сау бол, Таймас! Ендігөрі көшеге жалғыз шықпа.— Апай өз үйіндегі Тити секілді балаларын сағынып, асығып тұрган болу керек, қарш-құрш басып, борандата жөнелді. Тити жоғары көтерген қолының басын қыбырлатуға әрең үлгерді.

— Сау болыңыз!

Сөйтіп, саяхат сәтті басталды. Өз ауласынан қарға адым үзап шықпай жатып, алғашқы жаңалықтардың үшін көрініп қалды: Тити секілді балаларға көшеге жалғыз шығуға болмайды екен.

Әлгі ең жақын тұрган діңкіген сары үйге жете беріп еді, бұрышта екі қолын артына ұстап тұрган бір маңғаз қара баланы көзі шалып қалды. Өзі Титиге менсінбегендей кекірейе көз салып тұр. Мұндай балаларға Тити бұрыннан да қарадай тиіскісі кеп, құлшынып тұратын. Тек жалғыз Тити емес, оның достары Данияр, Дәурендер де сөйтеді. Жалпы, олар кербез балаларды жақтыртпайды.

Әрі Тити жиһанкез ғой. Апай жиһанкездер белгісіз жерлерді анықтап, жаңалық ашады деген.

Мына қара баланың шәниіп тұруына қарағанда, бойынан бір жаңалық табылып қалатын секілді.

Тити маңғаз баланың қасына жетіп келді де, салған беттен:

— Атың кім, әй, бала?— деді жымындал.

Бала оң шекесінен қырындал қарады. Шамасы, жымың-жымың еткен Титиден аз-мұз сескеніп қалса керек. Әрі қыр көрсетіп тұр. Ақыры аузын дөрбитіп:

— Менің күшігім қайда?— деді.

Тити аңтарылып қалды. “Менің күшігім қайдасы несі?

Тити атын сұраған жоқ па еді? Қайдағы бір күшікте
Титидің қандай шаруасы бар?

— Сенің атың жоқ па?— деп, қайталап қадалып сұрады.
Томпақ ауыз бала теріс қарады да, күңк етті:
— Мен сенімен ойнамаймын... Қүшігім қайда?

Гранатым қайда?

Баланың біреуі ойнамаймын демесін. Десе болды, қасында тұрған екінші бала міндетті түрде қарадан-қарап ойыны келіп, тыптырыши қалады. Тити де сондай мінездің баласы еді. Сол арада әлгі томпақ ауыздың женінен жұлқылап, бетіне қарау үшін мойнын оң жағына қисайта:

— Кел, алсыайық, ө? Куресейік, ө?— деп, қарқ болды да қалды.

Томпақ ауыз сыныққа сылтау таба алмай тұр еken. Тити тиісіп, әншейін аспаннан іздеғені жерден табылды. Асқан долылықтан аузы дөңгелене қалып, құлшына-құлшына шыңғырып жіберді. Сосын ту сыртын қабырғаға бере жерге отыра қалды да, өкшесімен жер тепкілеп қоя берді:

— Ата, ата! Ата деймін, ата! Қайдасың, ата!

Тити өбден састы. Қүшігін де, атасын да қосақабат жоғалтып алған баланы бірінші көрүі. Ептең жаны да ашып тұр. Орнынан тұрғызбақ болып, қолтығынан ала беріп еді, бала қолын қағып жіберді.

— Кет! Тиіспе! Атама айтам! Қүшігім қайда-а? Гранатым қайда?

Маңғаз қара баладан көңілі өбден қалды. Ешкімге құлақ аспайтын, тіл алмайтын, үсті-үстіне бақыра беретін қызық бала еken өзі. Саусағын аузына сұға берді де, қайтадан тартып ала қойды (жаман бала сөйтеді), қасынан кетіп қалды. Бұрышты айнала бере сұр үйлер қоршаған кең алаңыңың шетіне ілікті.

Мұнда да ешкім көрінбейді. Қас қарайып, көлеңке үйіріле бастапты. Он, он бес қадамдай жердегі қалқыған ағаштар ақ кірпі секілді домаланып-домаланып тұр. Тити жалғызсырай бастады. Саяхат жасаймын деп мана үйден шығып кеткенде көп-көп балалармен танысып, жаңа әткеншек, сырғанақтарды көріп қайтамын деп ойладап еді.

Балалардың бәрі үйді-үйіне тарап кетіпті. Мына екі кештің арасында әткеншек, сырғанақтар да көрінер емес. Қарны да аша бастаған ба, сазып тұр. Мана балалар бақшасында ұшы тесіліп қалған қолғабының басы тызылдай бастады – саусақтары сұыққа шыдамай барады. Шаршаған болу керек, аяғы талды.

Әлгі көп сүр үйдің біреуінің подъезінің алдындағы орындыққа отыра беріп еді... тұра қылтасының астынан аңы дауыс шаңқ етті. Зәре иманы қалмай, жүргегі тас төбесіне шығып, орнынан қалай атып тұрғанын білмей қалды. Жандәрмен дегенде подъезге ұмтылды. Тап құлағының тубінде бір бала жаман дауыспен барылдап, айқайлап жылап келеді. Ал балағына жұдырықтай ғана ақ қанден жабысып алған: ізінен екі елі қалмай шаңқ-шаңқ етеді. Жаңа Тити көсіліп жайғаса кеткен орындықтың астында жатып алып шаңқ еткен ит осы ақ қанден. Тити подъезге сұңғіп кетті. Қанден шығар ауызда, екі құлағы тіп тік, көздері отша жайнап, тұмсығы шошайып, үріп-үріп қояды. Өзі шоқып отыр.

Подъезге кіргесін ғана Тити құлағының тубінен жаман дауыспен жылаған баланың кім екенін айырды: ешкім де емес, нақ өзі екен. Енді ара-тұра мырсылдап қойып, сыңсып жылауга көшті. Жиһанкездік жайына қалды.

Біреулер дабырлап баспалдақпен төмен түсті.

– Мынау біздің Гранат қой!
– Хайдар қайда жұр, ендеше? Гранатты Хайдар ертіп шығып кетіп еді ғой?

– Мынадай бала біздің подъезде тұрмаушы еді, қайдан келген? – деген сөздер жарыса жамырай шығып жатты.

Ерні томпақтау келген жылы жүзді ағай аңтарылып тұрған Титидің иығына қолын салып:

– Кім боласың, қарағым? – деді. Сол мұн екен, Титидің көңілі қайта босап, екі рет мұрнын қорс етіп тартып қойды. Жасқа тола қалған көзін төмен сала бере:

– Жиһанкез-бін... – деді.

Подъезд дубірлеп кетті.

– Жиһанкез?

- Аты ма?
- Атым Тити! — деді бұл құбірлеп.
- Ал үйінің телефонын білесің бе? — деді томпақ ауыз ағай еңкейе түсіп.
- 42-62-93... — деді.

Сосын ағасына тоқталып қарап еді, өлгі бұрышта жер тепкілеп қалған долы балаға бет пошымы келіп қалғандай екен. Тити:

- Папамды, мамамды, Алмасты сағындым... Қайтқым келеді. Ал Хайдар үйдің сыртында тұр, — деп иегімен құбыланы нұсқады.

Ағай:

- Мен Хайдарды ертіп келейін, тоңып қалған шығар. Сырттағы ойыннан кешігіп жатқанын естен тас шығарып алыппын. Сен, мамасы, үйге бар да, 42-62-93-ке телефон шалағой. Тити деген балаларыңыз біздің пәтерде де. Телефон нөміріне қарағанда, осы тәңіректегі үйлердің біреуі. Титиді үйге ертіп апарындар, — деді де, сыртқа асыға басып шығып кетті.

IV

Он минуттан кейін Хайдарлар тұратын пәтердің қоңырауы шырылдады. Есік ашылғасын, үйге Титидің қойны-қоныштарынан бу бұрқыраған папасы мен мамасы, Алмас — бәрі тайлы-таяғы қалмай қотарыла кіріп келді. Манадан бері Хайдармен қол футбол ойнап отырса да, екі көзі есікте болған Тити орнынан ұшып тұрды. Сүрінекебына жүгіріп барып, үшеуін кезек-кезек құшақтап:

- Жақсы көремін! Жақсы көремін! — дей берді.

Ол сол мезетте кішкентай көшениң төрт бұрышын, онда тұратын адамдарды — бірін қалдырмай, түгел жақсы көріп тұр еді. Бәр-бәрін — тұлкі жаға ішікті апай, Хайдардың папасы, тіпті Хайдардың өзін де... әйтсе де, осылардың ішінде папасы, мамасы, Алмас ең жақсы көретін адамдары екен.

Жиһанкез Титидің бүтінге ашқан ең үлкен жаңалығы осы еді!


МАЗМҰНЫ

ПОВЕСТЕР

Қала және қыз бала	3
Автобустағы кездесу	4
Айгүлдің әңгімесі	13
Айгүлдің түсі	37
Бақбақ басы толған күн	52
Жиырма және жалғыз	106

ӘҢГІМЕЛЕР

Ақшақар	140
Жиһанкез тити	147



ISBN 9965-650-52-7

A standard linear barcode representing the ISBN number.

9 789965 650529